



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАҒА – 25 ЖЫЛ



МӘСЕЛЕ

Жаға ұстатарлық жағдай күн сайын көбейіп бара жатқандай. Тіпті қауіп-қатер денсаулығыңызды сақтауға септігін тигізетін дәрі-дәрмекке де жетіпті. Дәріханалардан «Вазар» деп аталатын қатерлі дәрілердің 35 мың қорабының төркіленуі осы сөзімізге дәлел. Мұны ақшаға шаққанда – 22 миллион теңге.

Осыған байланысты пікір білдірген денсаулық сақтау министрлігі фармацевтика комитетінің төрайымы Людмила Бюрабекова 2018 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі жағдай бойынша, қазақстандықтар мөлшері 80 мг «Вазар» дәрісінің 28 мың қорабын тапсырған. Мұның жалпы құны – 13 миллион теңге. Ал осы дәрінің мөлшері 100 мг 7000 қорабы да қайтарылған. Құны – 9 миллион теңге.

Күреғамыр гипертониясымен ауыратын науқастарға қауіпті препаратпен бірге «Вальсакор» дәрісі де ұсынылған. Саудадағы «Вазар» қайтарылып алынып жатқан тұста, екінші дәрінің 25 995 қорабы саудаланған. Бүгінде «Фармация» қоймасында «Вальсакордың» 13 984 қорабы сақтаулы тұр.

(Жалғасы 3-бетте)

ҰЛЫ ДӘРІДЕН



САҚТАНЫҢЫЗ!

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Өткен айда Үкіметте қаржы министрлігі «Тауарларды белгілеу және қадағалау туралы» заң жобасын Мәжіліске ұсынған болатын. Онда заң аясында Еуразия экономикалық одаққа кіретін мемлекеттердің тауарларын белгілеу және қадағалауды ресейлік компаниялар жүзеге асыратыны жазылған. Осы орайда қоғам белсендісі Мұхтар Тайжаннан «Тауарларды белгілеу және қадағалау туралы» заң жобасына енгізілетін өзгерістер жайлы сұрадық.

Мұхтар ТАЙЖАН, қоғам белсендісі:

БҰЛ ИДЕЯ ЭКОНОМИКАҒА ҚАУІПТІ!



Jas qazaq: Мұхтар Болатханұлы, тауарларды белгілеу және қадағалау бойынша пилоттық жобаны Ресей қадағалайды. Сонымен қатар тауар белгілеу жұмыстарын Ресей компаниялары жүзеге асырады. Бұл заң неге халықтың талқылауынан өтпеді?

Мұхтар Тайжан: Мен бұл мәселені қаржы министрлігі Мәжіліске ұсынған сәтте көтерген болатынымын. Бұл туралы facebook парақшамда арнайы жазба қалдырып, тіпті презентациясын да жарияладым.

Бұл идеяны өте қауіпті деп білемін. Әсіресе экономикамызға – өте қауіпті. Өйткені Мәскеуде отырғандар біздің ұлттық бизнесіміз жайлы ақпараттың барлығын біліп отыратын болады. Қандай тауар өндіріп жатыр, қандай пайда түсіріп жатыр, тіпті одан түсетін салықтың көлемі қандай, қысқасы, бәрін біліп отырады. Барлық ақпарат енді Ресейге белгілі болғалы тұр. Бұл өте сәк болуды қажет етеді. Өйткені Ресей біз туралы ақпаратпен толыққанды қамтылады. Сол үшін бұл заңға қарсымын.

Jas qazaq: Егер осы заң жобасы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін болса, біздің отандық бизнесмендердің көзқарасы қандай болмақ?

Мұхтар Тайжан: Елдің бизнесмендері бұл ақпараттан мүлде хабарсыз. Сондықтан да олардың реакциясы туралы әзірге болжам жоқ. Осындай мәселені көтерген Jas qazaq газетіне алғысымды білдіремін.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ТЕЛЕАЙТЫС

MARSEL, ақын



Қанша жерден қамаса да қудалап,
Дінді, тектілікті жоғалтпадық біздер содан.
Азаттыққа жеттіңдер, ардан, бірақ өттіңдер,
Өз балаңды саудалап, далаға тастап кеттіңдер.

(Толығырақ 7-беттен оқыңыз)

ТАҒЫЛЫМ



МҰНАЙ (brent)

66,46

DOLLAR
375,90

EURO
423,56

РУБЛЬ
5,55

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қуалап жүргенде қу арақ,
Болдым-ау, жұртқа мен мазақ.
Терезеден түсіп, көршіме,
Полициядан тарттым бар азап

(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Елбасы «Астана» халықаралық қаржы орталығы биржасындағы алғашқы сауда-саттықты бастау рәсіміне қатысып, еліміз үшін аса маңызды оқиғаның мәніне тоқталды.

Мемлекет басшысы салтанатты рәсімде «Астана» халықаралық қаржы орталығы биржасындағы алғашқы сауда-саттықты бастау ұлттық валютамыз — теңгенің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында өтуінің символдық мәні барын атап өтті. Төл теңге қолданысқа енгелі экономикамыз едәуір өсіп, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарды, ауқымды реформалар жүргізілуде. Н.Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының іске қосылуы — елімізді одан әрі орнықты дамытудың маңызды қадамы екенін ерекше айтты.

Президент рәсімге қатысушыларға әлемдік уран нарығының 20 пайызға жуығын қамтитын «Қазатомөнеркәсібі» ұлттық



«Қаржы орталығы қазірдің өзінде Елордамызға «қаржы астанасы» деген жаңа мәртебе берді. Жаһандық қаржы орталықтарының рейтингінде бас қаламыз тек соңғы жылдың өзінде 27

сатыға көтерілді. Астана тұрғындары мен Елорда қонақтары үшін мейлінше, қолайлы жағдай жасалатын «ақылды қала» ретінде одан әрі дами береді» — деген мемлекет басшысы барлық бастамалар халқымыздың әл-ауқаты мен еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІН БАСТАДЫ

компаниясы бүгін IPO-ға алғаш рет шығып отырғанын айтып, «Келешекте біз «Қазактелеком», «Эйр Астана», «ҚазМұнайГаз» және өзге де ұлттық компаниялардың активтерін сатылымға шығаруды жоспарлап отырмыз. «Астана» халықаралық қаржы орталығы елімізге шетелдердің капиталын тартудың құралына айналып, қор нарығын дамудың жаңа деңгейіне шығаруға тиіс. Мұнда

әлемнің үздік тәжірибелері жаппай қолданылып, тәжірибелі серіктестер мен сарапшылар тартылған. Сондай-ақ оның жұмысына қатысушылар үшін теңдессіз жағдайлар жасалған», — деді.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы өңірдің басты қаржы хабына айналып, Азияның үздік қаржы орталықтарының қатарына қосылуға тиіс.

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ

20

жоғары оқу орнының лицензиясы қайтарып алынды

75

жастағы көкшетаулық қария кір көтеруден әлем чемпионы атанды

167

келі заңсыз ауланған балықты Павлодар полицейлері анықтады

1,5 МАН

теңге тауып алған семейлік тұрғын оны иесіне қайтарды

2 МАН

елімізде осыншама адам латын қарпімен диктант жазды

48

миллиард теңгені «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы қымқырған сұғанақтар жазаланды

1+3

Жәмила НҰРМАНБЕТОВА,
Мәжіліс депутаты:

Заң жобасына сәйкес, қала мен ауылдың бірыңғай жиынтық төлем мөлшері белгілі. Алайда бұл зейнетақы мөлшеріне айтарлықтай әсер етіп жүрмей ме? Ауылда тіркеліп, қалада жұмыс істейтіндер бірыңғай жиынтық төлемді қанша көлемде төлейді?

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

Мәдина Ерасылқызы, депутат нақты, менің ойымша, өте өзекті сауал қойды. Мұны халық білуі керек. Ал сіз заң жобасының жалпы құрылымына кетіп қалып жатырсыз. Оны біледі екенсіз, көріп

тұрмыз! Сұраққа жауап беріңізші. Ертеңгі күні қала мен ауыл тұрғындарының зейнетақысында айтарлықтай айырмашылық болады деген сөз бе? Егер азамат ауылда тіркеліп, қалада жұмыс істесе, ол қай санатқа жатады? Қала ма? Ауыл ма? Біз сізден өтініп сұраймыз, нақты сұраққа нақты жауап беріңізші!

Мәдина ӘБІЛҚАСЫМОВА, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

Азамат бірыңғай жиынтық төлемді қай жерге тіркелгеніне байланысты төлейді. Мысалы, қалада тұрып, ауылда тіркелген болса, ол бәрібір 0,5 АЕК мөлшерінде төлейді. Ал қай жерде тіркелгені ЖСН нөмірі бойынша анықталады. Зейнетақы мөлшері адамның өтіліне қарай анықталады. Яғни сомада айтарлықтай айырмашылық жоқ. Кімнің қанша алатыны өзіне байланысты. Сондай-ақ жеке салымдары болса, бұл зейнетақы мөлшерін белгілейтін кезде міндетті түрде ескеріледі.

ЖЕМҚОРЛЫҚ КЕСТЕСІ – 2018 (қаңтар-қазан)

Тіркелген қылмыс

1726

Әкім-қара

35

Келген шығын

14,4 млрд теңге

Жауапқа тартылғаны

1126 адам

Дереккөзі: Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

Аптаның айтары

Әділбек МҰҚАЖАНОВ, онкология және трансплантология ұлттық ғылыми орталығы хирургия департаментінің басшысы:

Менталитетке, халықтың келіспеуіне байланысты елімізде жылына бір миллион адамға бір ғана донор шығып жатады. Еуропаның дамыған елдерінде 1 миллион адамға 30–40 ағзалық трансплантация жасалады. Сондықтан біз көбінесе туыстық трансплантация жасауға мәжбүр боламыз. Мысалы, туысының екі бүйрегінің біреуін немесе бауырының жартысын алып саламыз. Кейде донорлардың денсаулығына байланысты кері көрсеткіштер болады. Өйткені донор 100 пайыз дені сау адам болуы керек.

Әлеумет.t⁰


Төл теңгеміз 25-ке толды. «Құнсызданып кетті» деп менсінгісі келмейтіндер, қаржы жүйесіндегі дербестігімізді көре алмайтындар, «ортақ валюта болсын» дейтіндер баршылық. «Ойбай, девальвация!» деп, жоқ жерде үрей туғызғысы келетіндер экономикасы мықты елдердің ақшасына келгенде үндемейді. Ал біле білсек, Оңтүстік Кореяның воны біздің теңгеден үш есе арзан. Әлгі заржақтар тұқ таппаса, тырнақ астынан кір ізлейді. Кәсіби мереке күні еліміздегі бір сайт әр жылдары валютаны басу кезінде кеткен техникалық қателікті тізіп шығыпты. Оны ақаулы ақша жинайтын бір азаматтың аузымен баяндапты. Кез келген баспа өнімін шығарғанда мұндай

тап басып отыр. Өйткені, қаржы заңына емес, «құтқару операциясына» арқа сүйіп үйренген біздегі кейбір банктердің бәрібір жабылуды тиіс екенін нарықтың өзі көрсетті. Мұнай бағасы қымбаттап тұрғанда теңгенің арзандауын нарықтың заңымен түсіндіру қиын. Сарапшылар мұны биржадағы алыпсатар ойыншылардың әккі қулығы деп біледі. Міне, сондықтан қаржы мен банк жүйесіне де түбегейлі өзгеріс қажет болып тұр. Ал теңгенің тегеуріні отандық өндіріске байланысты екені әмбеге аян. Дейтұрғанмен, кәдімгі тауар болмаса да, құнды қағаздың қып-қызыл табыс көзі екенін Қазақ елі дәлелдеп берді. «Қазатомөнеркәсібі»

ҚАШАН ДА ҚҰНДЫ

кемшіліктің болып тұратыны белгілі. Бізге түсініксіз боп тұрғаны — бұл арзан сенсация қуу ма, әлде кілтипан баскада ма?

Эльвира Набиуллина Ресейде ешкімнің бет-жүзіне қарамай, арасында биржадағы китұрқы сауда-саттықпен рубльдің еңсесін түсіргендер де бар. Сол көрші елдің бас банкирі теңгенің ширек ғасырлық мерейтойына арналған жиынға келді. Ол өз елінің ақшасы мен біздің валютамыздың бағамы шикізат экспортына тәуелді екенін баса айтты. Яғни «қара алтын» қымбаттаса, валюта қауқарлы. Арзандаса, құнсыздану қылаң береді. Ә.Набиуллинаның қаржыгерлерге берген кеңесі көкейге қонымды-ақ. Төлем қабілетінен айырыла бастаған банк нарықтан неғұрлым кетсе, соғұрлым пайдалы. Әйтпесе, жұрттың сеніп тапсырған салымын қарыздан құтылуға жұмсап, ақыр соңында қаржы пирамидасына айналып кетуі әбден ықтимал. Тамырды

ұлттық компаниясының Астана халықаралық қаржы орталығы (АХКО) мен Лондон қор биржасында IPO-ға шығарылған акциялары бұл жетіде 45 млн долларға сатылды. Алдағы күндері тағы да 405 миллион түсуі тиіс. Осылайша, Ұлттық қордан алынған 450 млн доллар мерзімнен бұрын қайтарылады.

АХКО — бұрынғы кеңестік республикалар арасында нағыз қаржы нарығының талабымен жұмыс істейтін тұңғыш орталық. Еліміз соның арқасында бүгінгі жаһандық экономиканың қиындықтарын еңсеруге мүмкіндік алады. Тағы бір ерекшелігі — тек «блокчейн», «смарт — келісім», «жасанды интеллект» сияқты сөздердің мағынасын түсініп қана қоймай, солар арқылы табыс табуды білетін қаржыгерлердің жаңа буыны өсіп жетіледі. Әлмисактан белгілі: адам капиталы қашан да құнды.

Срайыл СМАЙЫЛ



Деп салды...

Марат АХМЕТЖАНОВ,
Бас прокурордың орынбасары:

Әкімдіктер тарапынан жерді беру тәртібі бұзылып жатыр. Түрлі схемаларды іске асыруға тырысады. Жер телімдері

бойынша алыпсатарлық белең ауда. Аукциондар өткізілмейді. Ең тартымды деген жерлер кейбір адамдарға бөріледі. Басқа кәсіпкерлер оны алу мүмкіндігінен қағылып келеді.

Қызықстан қызықтары

«КӨКТЕН» ТҮСКЕН КӨРШІ

Кешкі отырыстан қайтқан Семей қаласының тұрғыны өз үйінің балконын шатастырып, шатаққа ілікті. Ол пәтеріне кіру үшін терезе өйнегін сындырған. Жедел жеткен тәртіп сақшылары пәтерден араққа сылқия тойған азаматты ұстады.

Белгілі болғандай, балкон терезесінен түскен ер адамның пәтер иесіне ешқандай қатысы да, арам пиғылы да болмаған. Қаптасында кілті жоғын үй маңына келгенде ғана білген ол пәтеріне терезе арқылы кіруді ғана ойлапты. Алайда балқонды шатастырып, құдайы көршісінің пәтерінен бір-ақ шығыпты. Арақтың арқасында адасқан азаматтың үстінен сотқа дейінгі тергеу басталды.

www.24.kz

Сұмдық қой!

(Басы 1-бетте)

«Вазар» препаратын өз ақшасына алғандар, өтемақыны қаражат түрінде ғана қайтарып алады. Осыған байланысты Ratiopharm Kazakhstan ЖШС өкілдігінің медициналық директоры Зайра Смаилова компания «Вазар» препаратын өз қалтасынан алған наукастарға өтемақы төлеуге әзір екенін хабарлады. Ол үшін денсаулық сақтау министрлігінің рұқсаты керек. Өйткені заңда нақты жазылғандай, дәрі-дәрмектер мен медициналық өнімдер қайта өткізуге жатпайды. Денсаулық сақтау министрлігі жоғарыда аталған компаниямен арадағы келісімге сай «Вазар» және «Вазар Н» дәрісін наукастың қолында түбіртек болған жағдайда ғана кері қайтартпады. Бұған да шүкіршілік етіп отырғанда, Ұлттық дәрі-дәрмекті сараптау орталығы «Валсартан» препаратының катерлі ісік ауруын тудыратыны белгілі болды. Сонымен бірге жұртшылыққа

шешеді. Фармация комитетінің төрайымы Людмила Бюрабекованың айтуына қарағанда, катерлі дәріні немен алмастыру керектігін дәрігер шешеді. Жалпы елімізде баламалы дәрі-дәрмек жеткілікті көрінеді. Бірақ «сактансан, сау жүресін» деген қағиданы әр қазақ жадынан шығармағаны жөн. Бір білместік немесе асығыстық адам өміріне балта шауып немесе өлім құштыруы әбден мүмкін.

Жақында Сенат депутаты Дариға Назарбаева препаратқа тәуелділікті арттыратын «Трамadol» дәрісі дәріханаларда емін-еркін саудаланатынын мәселе ретінде көтерді. Осыған байланысты денсаулық сақтау министрлігінің көзқарасын сұрады. Депутат дәріханаларды тексеретін бұрынғы құзырлы орынды қайта қалпына келтіруді ұсынып, шағын кәсіпкерлік

ретінде тіркелген дәріханаларды жоспарлы және жоспардан тыс тексеруге тыйым салу туралы заңды қайта қарастырып,

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

МӘЛІК ӘБДІРАХМАНОВ,
Фармацевтикалық бақылау және мониторинг орталығы басшысының орынбасары:

Қазір дәріханалардан қауіпті препараттар жаппай алынып жатыр. Бұл өзгерістің адамдарға аса зияны тимейді. Дәрігерлерді де ескерттік. Науқастар міндетті түрде ақ халаттылармен кеңесіп шешім қабылдау керек. Бұл препараттардан біз ғана емес, еуропалықтар да бас тартты.

УЛЫ ДӘРІДЕН
САҚТАНЫҢЫЗ!



АЙМАҚТАРДАН ҚАЙТАРЫЛҒАН «ВАЗАР» ПРЕПАРАТЫНЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ:

Аймақтар	Вазар, 80 мг	Вазар, 160 мг
Ақмола обл	3558 қорап	1850 қорап
Ақтөбе обл	3593 қорап	2599 қорап
Астана қаласы	5581 қорап	8976 қорап
Алматы қаласы	10047 қорап	4178 қорап
Алматы обл	3344 қорап	1724 қорап
Атырау обл	2088 қорап	482 қорап
Шығыс Қазақстан обл	39365 қорап	10639 қорап
Жамбыл обл	4519 қорап	2655 қорап
Батыс Қазақстан обл	6497 қорап	2552 қорап
Қызылорда обл	8014 қорап	5697 қорап
Қарағанды обл	12003 қорап	10623 қорап
Қостанай обл	8133 қорап	4753 қорап
Маңғыстау обл	1268 қорап	761 қорап
Павлодар обл	1770 қорап	877 қорап
Түркістан обл	26070 қорап	5303 қорап
Солт. Қазақстан обл	2591 қорап	2161 қорап
БАРЛЫҒЫ:	134883 ҚОРАП	65830 ҚОРАП

(Денсаулық сақтау министрлігі өзірлеген кесте)

«Вазар», «Нортиван» және «Вазар Н» препараттарын қолданбауға кеңес берілуде. «Валсартан» төңірегіндегі дау тамыз айында басталған еді. Бұл әлемдік деңгейде шу тудырды. Оны өндіретін кытайлық – «Чжэцзян Хуахай Фармасьютикал Ко.Лтд» компаниясы. Дәрі құрамындағы N-нитрозодиметилламин адам өміріне қауіпті көрінеді. Оны күнделікті және ұзақ мерзім мөлшерден тыс пайдаланған жағдайда катерлі ісік тудыруы мүмкін. Елімізде бұл дәрі жүрек-қан тамырлары жүйесі қызметін ретке келтіруді емдеу барысында қолданылады. Оны ішу не ішпеу мәселесін емдеуші дәрігер ғана

мекеме иелерінің жауапкершілігін арттыруды, дәрі-дәрмекті тегін тарату мен рецептсіз сатуды қарағалауды ұсынды. Шын мәнінде, даудың басы дәріден шыға бастаған тұста қарағалаудың да, сак болудың да қажеттігі күшейіп тұр. Адам тағдырына селкос қарайтындармен күрестің қаншалықты ұзаққа созылатыны белгісіз. Өйткені бізде дәріханаларды жиі тексеруге шектеу қойылған.

Мира ҰЗАК

KÓKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жетпегені осы еді!

Біз осы таңғалуға құштармыз. Шетелден, әсіресе АҚШ-тан келген азаматтарға ауыз ашып, көз жұмып қараймыз. Олардың кім екенін білмей тұрып, түп-тамырын зерттемей жатып, тонның ішкі бауындай араласқымыз келеді. Сенгішпіз, аңғалмыз. Аузымыз күйіп жатса да сабақ алмаймыз. Бір мысал: Астанада QSI жекеменшік мектебінде ойға кірмеген оқиға болды. Мұхиттың арғы бетінен келген 72 жастағы мұғалім оқушыларына қырындапты. Болған жағдай жұртты енді-енді дүрліктіре бастады.

аты-жөні Стивен Мейерс болып шыққан. Тексере келгенде атышулы ұстаздың жәбір көргендер АҚШ-та жеткілікті болып шығыпты. Миы айналған Мейерс сексуалдық қарым-қатынасқа итермелеген студенттер сайт ашып, ұятсыз ұстаздары туралы ақпарат салып келген. Осындай оңбаған адамның элиталық мектепке қалай тап болғаны шынында да түсініксіз.

Болған оқиғадан жақсы хабардар, аталған мектеп түлегі Қасым Қабылғали мұғалімді маскаралайтын сайтқа кіріп, көптеген құпияны анықтаған. Білім ордаларында сабақ берген Стивен он шақты балаға күш көрсеткен. Соған қарамастан, білім саласында қызметінен қол үзбеген. Ол туралы Калифорния штатындағы Санта-Круз қаласы полициясында бірқатар дерек тіркелген, екі есімді иеленген



ҰЛАҒАТСЫЗ
ҰСТАЗ

АҚШ-тан келген ақсақал да қу екен. Темір торға тоғытылмай тұрғанда атамекеніне тайып тұрыпты. Шатаққа кінәлі шалды мұғалімдер тәртіп сакшыларына неге дер кезінде ұстап бермегені белгісіз. Бөрінен қызығы, білім және ғылым министрлігі тосын оқиғаны енді тексеріп жатыр. Бұған вице-министр Эльмира Суханбердиева былайша түсініктеме берді: «Мұғалімде сотталмағаны туралы анықтама болған. Жұмысқа орналасар алдында қажет құжатты түгел өткізген. Ал келенсіз оқиғаның қалай болғанын анықтап жатырмыз. Негізі, жеке мектептер де еліміздің еңбек туралы заңына бағынады. Кез келген ұстаз сотталмағанын дәлелдеуі тиіс. Бұл шетелдіктерге де қатысты».

Амал қанша, еліміздің заңын да айналып өтетіндер барын жоққа шығара алмаймыз. Жоғарыда аталған білім ордасы да оқиғаның мән-жайын терең талдап айтпай отыр. Белгілісі қырма сақал қырындағыш ұстаз жұмыстан қуылған. Осы мектептің бір түлегі ғана шындықты айтып, ақыры қарт ұстаздың құпиясы ашыла бастады.

Халықаралық мектепте шетелдіктердің балалары мен жерлестеріміз білім алған. Басты кейіпкеріміз Алматыда өткен спорттық шараға шәкірттерімен бірге барғанда жасөспірімдердің біріне қол жүгірткен көрінеді. Ешкім арызданбағандықтан полицейлер іс қозғамаған. Стивен Джексонның – бұрынғы

азамат туралы британдық басылымдардың бірі де жазған. Осындай педофилді қызметке қабылдаған халықаралық мектеп ұстаздың опасыздығын біле тұра, қашып кетуіне жол бергені қалай?

Еліміздегі республикалық «Время» газетінің тілшісі Стивен Джексонға арналған сайттың редакторы Гаваев



Кони Дюранмен скайп арқылы сөйлескен. Астанадағы оқиғадан кейін сайтқа кірушілердің қатары күрт көбейгенін жеткізген ол әлі де нақты деректер білгісі келгендерге ұяттан безген ұстаз туралы көп мәліметтер жариялаған. Кони Дюран кәдірі кеткен қарияны қызметке қабылдау барысында шалағайлық орын алғанына сенімді. Тіпті интернет көздерінен де педофил туралы көп дерек табуға болар еді... Амал қанша, ақшамызды алып, арымызды таптаған шалдың сазайын бере алмадық.

Жолдасбек
ӘШІМХАНҰЛЫ

Баспана машақаты (хикая)



Пәтер жалдаушы:

Пәтер іздеп сабылғым, ортасынан қаланың, Мекен-жайдан жаңылып, адамы болғым қаланың, Отбасыммен тұратын, іздеймін жылы пәтерді, Кешіктірмей ақысын айлықтан беріп тұрамын.

Жарнама беруші:

Жанға жайлы пәтерді, Жарнамадан көріңіз. Суреттегідей барлығы, Сенбесеңіз келіңіз.



Маклер:

Ыңғайлы пәтер іздесең, Бізге ғана келіңіз. Қожайынның нөмірін, Бізден ғана біліңіз. Қызметіміз үшін қалтықсыз, Тиын-тебенін беріңіз!



Пәтер иесі:

Көрсетуге пәтерді, Уақытым жоқ екен. Қонырау шал, қарағым, Құн батқан соң сөйлесем.





Ақ жол

Бүгінгі технология жетістіктеріне көз ілесер емес. Сауданың шоғын маздатқан коммерция бұрын жерде еді, енді ол ғарышқа шығып кетті. Нақты деректерге қарағанда, қазір ғарышта 100 миллиард доллар ақша ұшып жүр. Аспан кеңістігінде қалықтап жүрген жер серіктері бизнестің пайдалы көзіне айналды.



АЛЫСТАН АРҚАЛАҒАН ТИІМДІ

Еліміз ғарышты игеруді 2006 жылы бастады. Алғашқы жасанды жер серігі «KazSat-1»-ді ұшыруға мемлекет 8 миллиард теңге жұмсаған. Бірақ әлгі спутник ізім-ғайым жоқ боп кетті. Ғарыш саласындағы біліксіздігіміз бен тәжірибесіздігіміз осыдан-ақ байқалып қалды. Одан кейінгі «KazSat-2» де арзанға түскен жоқ. Осылайша, Ресейдің ескі әрі ауыр техникасына байланып қалғандықтан, ғарыш сапарын ұйымдастыруда қымбатқа ұрындық. Негізі, кейбір жасанды жер серіктерінің үлкендігі шамалы. Ең бастысы, оны ғарыш кеңістігіне арзан әрі тиімді жолмен жеткізу керек. Арзаны енді ғана табылды. Қазақстан екі жасанды жер серігін биыл бақытымызға орай бұйырған Байқоңырдан емес, алыстағы Америкадан ұшырады. Әйгілі Илон Масктің 99 ғарыш кемесімен.

Бұрын арман болған ғарыштын қазір арзан болғаны біз үшін өте маңызды. Ашық кеңістікке ұшып барып, қайта оралу ғана емес, оны зерттеу және жер серігінің саны және сапасын арттыру заман талабына айналған тұста, еліміздің ендігі бағыты оң болатын сынайлы. Осыған дейін KazSat-тың үшеуін ұшырып, енді KazSat-тың өзге түрлерін де ғарышқа жіберуді жоспарлап қойдық. Бірақ осы ғылыми-техникалық максаттағы жер серіктері келешекте көк жүзіне мұхиттың арғы жағынан аттанады.

Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұлов осы төңіректегі ойын былайша жеткізді: «Бұл саясатқа жатпайды, бұл тарихқа жатады. Себебі бізге қай ұсыныс пайдалы болса, біз соны қабылдаймыз. «Днепрді» тоқтатқаннан кейін, біз әлемнен ғарышты игерудің өзімізге тиімді тұстарын іздедік. Бұл деген – нарық, өзімізге тиімді зымыран істедік те, сонымен «Falcon 99 SpaceX»-ті әзірледік».

Ресми Астананың «Роскосмос» корпорациясының протоны мен «Союз»

зымыран тасығыштары емес, «SpaceX»-ті таңдауы бекер емес. Ең алдымен еліміз қыруар қаржы үнемдейді. Мәселен, бұрын ғарыш аппараттарын ұшыру үшін 15 млн долларға дейін төлесек, ендігі төлейтініміз – 1300-1400 мың доллар. Бұл өте арзан болып есептеледі.

Себебі екі жер серігін ұшырамыз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, басқа елдердің жер серіктерімен бірге ұшыратын болғандықтан, қызмет бағасы түсті. Ғарышқа барып-келу құнын әлдеқайда арзандатып отырған қазіргі ақыл-ойдың алыбы Илон Маск – Оңтүстік Африканың тумасы. Америкалық миллиардердің зымыраны «Союз», «Протан» секілді көкте жарылып, жоқ боп кетпейді. Кәдімгі ұшақ сияқты қайтадан жерге қона алады. Сондықтан ғарышқа жүк тасымалдау құны да әлдеқайда арзан.

Ғарыш кемелерінің әлсіз тұстарын Ресейдегі «Сухов» атындағы тәжірибе құрастыру бюросының конструкторы Вадим Лукашевичтің айтуынша, Falcon – ең арзан зымырандардың бірі, тіпті ең арзаны. Оның Байқоңырдан немесе Калифорниядан ұшыруы маңызды емес, жер серігі қожайынын ұшу құны

«FALCON – ең арзан зымырандардың бірі, тіпті ең арзаны. Оның Байқоңырдан немесе Калифорниядан ұшуы маңызды емес. Жер серік қожайынын ұшу құны қызықтырады. Дәл осы бағаға жер серікті айлаққа жеткізу, сақтандыру және дайындау жұмыстары кіреді. Илон Маск ең арзан ұсынып отыр»

Вадим ЛУКАШЕВИЧ, «Сухов» атындағы тәжірибелік-құрастырымдық бюросының конструкторы (Ресей)

қызықтырады. Дәл осы бағаға жер серікті айлаққа жеткізу, сақтандыру және дайындау жұмыстары кіреді. Илон Маск ең арзан баға ұсынып отыр.

Еліміз өзінің алғашқы телекоммуникациялық жер серігін Байқоңырдан 2006 жылы ұшырған еді. Бірақ одан айырылып қалды. Бас-аяғы 65 миллион долларға жасалған жер серігі ғарыш кеңістігінде жоғалып кетті. Ал «KazSat-2»-ге қыруар қаржы салынса

да сыр беріп, екі рет байланыс үзіліп, абырой болғанда, қайта қалпына келді. Негізі, ғарыш кеңістігінде мұндай апат жиі қайталанады. Соңғы уақытта Ресей зымырандарының көкке көтерілмей жатып, құлауы да көбейді. «Союз» зымыраны осы сөзімізге дәлел. Айта кетерлігі, соңғы 10 жылда Ресейде ғарышты игеру бағдарламасына жұмсалған шығын



Вячеслав Котельников

көлемі 14 есеге артқан. Ал апатты жағдайдың тіркелуі 6 пайызға жетіпті. Ардагер конструкторлар мұның себептерін саладағы бақылаудың жоктығымен түсіндіреді.

Осыған байланысты пікір білдірген Ресейдегі «Полет» өндірістік бірлестігінің жетекші инженері Вячеслав Котельников «2014 жылы ғарыш саласына оптимизация жасағандар әскери қабылдауды 80 пайызға қысқартыпты. Сондай-ақ бақылау қызметінің 90 пайыз маманы жұмыссыз қалды. Комиссия өндіріске қатысы жоқ адамдардың қажетсіз дегенді алға тартып, қазіргі аппараттар соның салдарынан болды. Бақылау мен қабылдап алу тым жеңілдеп кетті», – дейді.

Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болашақта «Бөйтерек» ғарыш зымыран кешенін құруды көздейді. Жоба Байқоңырды сақтап қалу әрі оны дамыту үшін қажет. Бұл іске асырылған жағдайда гептилмен ұшатын протондардың саны азайып, экологияға келер зиян азаймақ. Ресеймен бірлескен жобаның құны 745 миллион долларға бағаланған. Алғашқы ұшу сынақтары үш жылдан кейін басталады. Ал әзірге KazSat жүйесінің екі жер серігі ұялы телефон операторлары мен телестаратылым жұмыстарын қамтамасыз етіп отыр. Былтыр осы жер серігі 5 миллиард теңге пайда тауып, 12 млрд теңгеге тең импортты алмастыру жұмысын орындады. Ал 20 қараша күні Америкадан ұшырылатын жер серігі іске қосылса, ол табиғи аппараттарды болжап, ғарыштан ауыл шаруашылығы алқаптарын суретке түсірумен айналысады.

Осылайша мұхиттың арғы жағын алыссындай, есесіне, арзан бағаға бағымызды сынғалы отырмыз. Қалай десек те, бізге еліміздің дамуына жақсы жағдай жасай алсақ, сол біз үшін зор табыс.

Олжас БАЙЖАН

Сұхбат

Мәжіліс депутаттары осы аптада есірткімен күрес шараларын күшейтуге арналған заң жобасын талқылады. Құжатты таныстырған ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов синтетикалық есірткілер қай елдерден, негізінен Ресей, Қытай және Еуропадан пошта арқылы келетіндігін айтты. Жиналыстан соң біз қоғамдағы көкейкесті мәселелерге қатысты депутат Ирина Смирнованың пікірін білдік.

ӨТКІР МӘСЕЛЕ ӨЗЕКТІ ӨРТЕЙДІ

– Ирина Владимировна, интернетті ашып қалсаңыз, есірткі заттарын сататын неше түрлі сайттар, электронды дүкендер бар екен. Осыны байқадыңыз ба?

– Жасыратыны жоқ, көптеген деректерді министрдің аузынан естідім. Есірткінің ғаламторда ашық саудаланып жатқанын білмеппін. Осындай қаптаған сайттар бар екенін көріп, жағамды ұстап отырмын. Елімізде есірткі интернет арқылы ашық сатылуда. Тапсырыс берсеніз, керек жерге өздері жеткізіп береді. Тіпті дәріханалардан да табылады екен.

Ішкі істер министрлігінің дерегінше, биылдың өзінде 3200-дей есірткі саудалайтын ғаламтор дүкені жабылған. Бірақ жарнамасы жер жарған сайттар күннен-күнге жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап барады. Ең алдымен тыйым салынған заттарды саудалап, жарнамалап жатқан сайттарды, интернет дүкендердің қандай дүниені насихаттап жатқанын нақтылап алу керек. Егер шынымен де, есірткі мен оның баламасы болатын болса, ондай ғаламтор желілері бұғатталып, жұмысын тоқтату керек. Бұл жерде ақпарат және коммуникациялар министрлігі мен ішкі істер органы тезірек іске кірісіп, қолға алмаса, ертең, тіпті күрделеніп кетуі мүмкін. Сондықтан Мәжіліс қабырғасына түскен заң жобасы көп созылмай, қабылданғаны дұрыс.

– Сіз қоғамдағы көптеген мәселелерге қатысты ашық пікір білдіріп, дабыл қағып жүресіз. Мұның алдында банктер борышкерлердің есепшоттарын, карточкаларын бұғаттап тастап, енбекәқыларын ала алмай, қаншама отбасының шырқын бұзып жатқанын көтердіңіз. Ломбардтарға қатысты ақпарат құралдарына айтқан жанайқайыңызды құлағымыз шалып қалды. Шын мәнінде қандай түйткілі бар?

– Шыны керек, қай өңірге барсаңыз да, ломбардтан аяқ алып жүре алмаймыз. Өте көбейіп кеткен. Әсіресе Астана, Алматы, Шымкент қалаларында әрбір бұрыштан ашылған. Бұл дегеніміз, халықтың тұрмыс-тіршілігінің денгейін көрсететін көрініс. Демек, тұрғындар үстіндегі киімін, бағалы тондарын шешіп, үйіндегі кәдеге жарайтын әшекей бұйымдарын жан бағу үшін ломбардқа тапсырып жатқаны жақсы емес. Ал ломбардқа келуші, ол тауарды қайдан алды? Бұл – өте өткір мәселе. Ұрланған ба, біреуден тартып алынды ма, оны ешкім тексермейді. Біз сонда, халықтың бірін-бірі тонауына жол ашып беріп, қарап отырғанымыз ба? Бұл үкіметті ойландыратын жағдай. Әсіресе ішкі істер министрлігі бір механизмін қарастыруы қажет. Егер тұрғындардың әл-ауқаты жақсы болса, жағдайы болса, ломбардтан қарыз алмайды.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Түйткіл

Тәуелсіздіктің ширек ғасырында мемлекетіміздің мәртебесін нығайттық. Алайда кейбір азаматтарымыздың ар-ождан тазалығы мен отансүйгіштігіне күмән келтіретін жайлар жан ауыртады. Бұл – азаматтыққа қатысты өңгіме. Осы мәселеге мен берген «Ақ жол» фракциясының депутаттары Мәжілістің жалпы отырысында мемлекеттік қызметкерлердің қос азаматтығын тексеруді талап етті.

ҚОС МЕКЕНДІНІҢ ҚЫЛЫҒЫ



Бас прокурорға, әділет және ішкі істер министріне жолдаған сауалында депутат Берік Дүйсенбиев біздің ұғымда қос елдің азаматы болу деген түсінік мүлде жоқ және бұл ереже Ата заңымыздың 10-бабы 3-тармағында тайға таңба басқандай етіп жазылғанын баса айтты. Әкімшілік құқықбұзушылық кодексте қос азаматтық үшін жауапкершілік қарастырылған. Мұндай заңбұзушылыққа мемлекеттік қызметкер баратын болса, жауапкершілік одан да қатан болуы тиіс. Ол мәжілісте: «Жауапкершілікті толығымен түсіне отырып, саналы түрде заң бұзған мемлекеттік қызметкерлердің әрекеттерін су ішкен құлдығына түкіру, қос мекенді бақа-шаянның қылығы деп түсінеміз.

Өкінішке қарай, біз неге жалпақшешейлік танытамыз. 2016 жылы – 400, 2017 жылы – 600, 2018 жылдың 10 айында 527 қос азаматтық дерегі анықталған. Олардың арасында қанша мемлекеттік қызметкер бары белгісіз.

Депутат АҚШ-та азаматтық алу үшін берілетін антқа назар аудартты. Онда «Мен осы күнге дейін азамат болған кез келген мемлекетке адалдықтан мүлде бас тартамын. Қолыма қару алып, Құрама Штаттар жағында шайқасамын» деген сөздер барын айтты. Осындай сөзден кейін шетелдік азаматтығы бар адам қалайша елімізге қызмет етеді? Мемлекеттік қызметте істеген тәжірибелі, занды бес саусағындай білетін, қалтасында басқа елдің паспорты бар адам қай елдің сойылын соғатыны белгісіз.

Фракция мүшелері мемлекеттік қызметкерлердің, адвокаттардың, нотариустардың, сот орындаушыларының, сондай билік өкілдерінің функцияларын жүзеге асыратын азаматтардың қос азаматтығы бар-жоқтығына тиісті тексеріс жүргізуді ұсынды. «Қазақстан төлқұжатын алған кезде Қазақстан азаматы антынын мәтіні мен рәсімін заңмен бекіту қажет», – деп түйінделі сөзін Берік Дүйсенбиев.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Дерек пен дәйек

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

(2018 жылғы 9 айдың қорытындысы)

ЕҢ ҚАТ МАМАНДЫҚТАР (ОРЫН):

Қосалқы жұмысшы –	20 522
Күзет қызметкері (охраннык) –	3953
Медбике –	3688
Санитар –	2531
Автокөлік жүргізушісі –	2322
Жүк тасушы –	1864
Өндіріс және қызмет орындарын тазалаушы –	1733
Жалпы тәжірибелік дәрігер –	1677

СҰРАНЫСЫ ТӨМЕН МАМАНДЫҚ (ОРЫН):

Заңгер –	1510
Техник-бағдарламашы –	706
Қаржыгер –	570
Жалпы салалық экономист –	558
Елді мекендерді абаттандыру жұмысшысы –	478
Курьер –	428
Жағадан балық аулаушы –	167
Бастауыш мектептің мұғалімі –	146

Дерек көзі: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі



Аңыз бен ақиқат

Жазда мұхиттың ар жағында алаяқтықпен айналысқан топ ұсталды. Арасында үш отандасымыз бар. Үшеуі де әйел адам. Қалғандары – Әзірбайжан, Ресей, Грузия, Латвия, Украина және Түркия өкілдері. Біреуі – АҚШ азаматы.

Нью-Йорктегі оңтүстік округ прокуратурасының мәліметінше, сыбайластар автокөлік сату жөнінде жалған хабарлама жариялаған. Сатып алуға ниет білдіргендерді тақырға отырғызған. Алдаумен табылған табыс тым қомақты – 4,5 миллион доллар.

Эйфель мұнарасын сатып жіберген Люстигті кім білмейді? 1925 жылы ол Парижге келеді. Газеттен «Эйфель мұнарасын жөндеу керек» дегенді оқып алып, іске кіріседі. Жалған сенім грамотасын жасап, онда өзін почта және телеграф министрлігі басшысының орынбасары деп жазады. Сосын алты кәсіпкерге ресми хат жібереді. Люстиг оларды өзі орналасқан қымбат мейманханаға шақырады. Әңгіме-дүкен құрып, «мұнараны жөндеуге тым көп қаржы қажет болғандықтан, үкімет оны құлатып, жабық аукционда металлоломға сатуды жөн көріпті» деп мұнаяды. Көп ұзамай мұнараны құлату құқығын Андре Пуассонға сатып, бір шабадан ақшамен Венаға тайып тұрады. Жұрт алдында ақымақ боп көрінгісі келмеген Пуассон бұл оқиға туралы тіс жармады. Соны пайдаланған Люстиг тағы да Парижге келіп, әлгі алаяқтығын қайталамақ болды. Алайда бұл жолы алданған кәсіпкер полицияға хабарлап, Люстиг АҚШ-қа қашып кетеді.

Талайды қақсатқан Люстигтің ізбасарлары ХХІ ғасырда көбеймесе, азаяр емес. Қайта қазіргі заманғы технологияға сүйеніп, барған сайын қитұрқыланып барады.

Осыдан біраз жыл бұрын америкалық баспасөз бұрынғы Кеңес одағынан шыққан

өз жазасын жеңілдету үшін көрген-білгенін жайып салуды жөн көріпті. Әлбетте, оның есімі жария етілмейді. Сот құжатында стандартты CS-1 белгісімен көрсетілген. CS – Confidential Source – құпия мәлімет беруші (*КМБ*) дегенді білдіреді. Прокурор тілінде мұндай ерікті көмекшіні «кооператор» дейді. АҚШ-тағы қылмыстық топқа байланысты істердің көбінде күдіктілердің бірі прокуратурамен бірігіп жұмыс істеуге келіседі. Сыбайластарын ұстап береді. Алайда тергеу бастала сала жығыла кетуі



ЛЮСТИГТІҢ «ІЗІМЕН»

сирек. Әлгі КМБ жағдайының мүшкіл екенін сезіп, ертерек камдануды жөн көрген сынайлы.

Ол өзінің қылмыстық топқа 2016 жылы тартылғанын айтты. Көне көлікке құмартқандарды тақырға отырғызу тәсілдері соншалықты қитұрқы да емес.

алады. Сондай-ақ оның қайда тұратынын да сұрап біледі. Көп ұзамай оған Максим Суверин деген біреу тексеру үшін келеді. КМБ-ға жалған корпорация және соның атынан банкте есепшот ашуды тапсырады. Есепшотқа ақша кеп түскенде, белгілі бір соманы шығарып отыруы қажет.

Банктен шыққанда КМБ-ны ұйымның өзге мүшелері күтіп тұрады. Ақшаны соларға береді. Олардың арасында кейде Суверин де болған. Ұйымда беделі бар Суверин КМБ-ның міндетін былтыр өзгертеді. Енді ол шыға берісте күтіп, ақшаны алады. КМБ мұны өзін жоғарылатқаны деп түсінген.

ФБР тергеушісі Терри Кимнің айтуынша, осы іс бойынша өтіп жатқан Элвин Джавадзаде, Алексей Ливадный, Александр Стариков және Николай Тупикин өткен жылы Ресейдегі Максим Суверинге ақша аударған.

Манхэттен федералдық прокуратурасы 2016 жылдың қарашасынан бері алаяқтықпен айналысқан топтың жәбірленушілерге 4,5 миллион доллар шығын келтіргенін мәлімдеді.

Сыбайластардың әрқайсысы алаяқтық жасағаны үшін 30 жылға дейін, ал ақшаның ізін жасырғаны үшін 20 жылға дейін сотталуы мүмкін.

«Новая газета» басылымы «АҚШ-та бірнеше ресейліктің ұсталуына қатысты пікір әдеттегідей» деп жазды. Ресей ақпарат агенттігі Стратегиялық жоспарлау институтының директоры Александр Гусевтің осы іс жайында айтқан сөзін жалаулатып тақырыпқа шығарды. Ол «ақ жіппен тігілгендей» депті. Қазақшаласак, «аққа күйе жакқандай». Қалай болғанда да, жуырда қылмыстық топтың құрамында болған ресейліктердің



Бірақ әркімнің атқаратын қызметі белгіленген.

Ең әуелі желіде көне автокөліктің сатылатыны туралы хабарлама жарияланады. Сатып алуға ниет білдіргендер хабарласқан соң онымен баға жөнінде келіседі. Содан кейін оны көлік компаниясына (*әрине, жалған*) бағыттайды. Олар төлемді қабылдайды. Негізінен банк аударымы арқылы. Содан кейін сатып алушыға тауарды жеткізіп береміз деп сендіреді.

Ақша жалған компаниялардың атынан ашылған банктегі есепшотқа түседі. Банк қаржы министрлігіне хабарламас үшін, түскен қаржыны бірден емес, бөліп-бөліп алады. Осыдан кейін ақшаның бір

бөлігі Шығыс Еуропадағы сыбайластарға MoneyGram немесе Western Union арқылы жіберіледі. Федералдық тергеу бюросы бұл аударымдар жайында бұрын да білген. КМБ тергеу кезінде ақшаның курьер арқылы жөнелтілгенін де айтып берді.

Флоридадағы Шарлейв графтығында тұратын латыш Карлис Витолс та осындай алаяқтыққа қатысы бар екенін мойындады.

Жергілікті бір тұрғын Канзастағы автосалонның сайтынан раритет автомобильдің жарнамасына қызығады. Шын мәнінде ол салон бір жыл бұрын жабылып қалған. Әлгі адам Витолсқа тиесілі есепшотқа 18 мың доллар аударалды. Бірақ мәшине де жоқ, ақша да жоқ. Санын соғып қалған соң жергілікті шерифке шағым түсірген. Детективтер тексере келе

өз кінәсін жартылай мойындағаны жария етілді.

Гусевтің «бұл іс Ресей азаматтарына қарсы бағытталған» деген пікірімен келіспейтін тағы бір жәйт бар. 25 адамнан құралған топта бұрынғы кеңес республикаларынан шыққан азаматтардың, бір түрік, бір америкалықтың бар екенін жоғарыда айттық.

Отандастарымыздың қатысуымен болған алаяқтық іс бойынша кезекті тыңдалым келесі жылдың ақпанына белгіленді. Бұл жайында еліміздің ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров осы аптада хабардар етті. Жазда өткен алғашқы тыңдалымнан кейін тергеушілер тағы да уақыт беруді сұраған еді. Өйткені бұл іске 20-дан астам елдің адамы шатылған.

Еліміздің Нью-Йорктегі бас консулдығының араласуымен үш отандасымыз әзірге тұтқынға алынған жоқ. Кепілдікпен босатылған. Бірақ ешқайда кете алмайды. Олардың бұл іс те қандай рөл атқарғаны әлі беймәлім.


COMMENT

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ШАРТАРАП



Түркияға – 90 күнге

Енді отандастарымыз бауырлас Түркия елінде 90 күн визасыз еркін жүре алады. Бұқаралық ақпарат құралдары хабарлағандай, Түркия президенті Режеп Ердоған осындай жарлыққа қол қойды.

Қазақстандықтар үшін Түрік елінде визасыз жүру мерзімі 30 күн еді. Жаңа ережеге сәйкес Қазақстан, сондай-ақ Өзбекстан мен Тәжікстан азаматтары әр 180 күн сайын Түркияға 90 күнге визасыз кіре алады. Жарлық бір апта ішінде күшіне енеді.

Әйелдер футбол көреді



Иран астанасы Теһеранда футболдан өтетін Азия чемпиондар лигасының финалын нәзік жандылар да тамашалай алатын болды.

informburo.kz хабарлағандай, ФИФА қысымымен Иран билігі 35 жылдан бері күшінде тұрған ережеге уақытша тыйым салды. Алаңға жиналған әйелдердің көбісі футболшылардың туыстары мен жергілікті футбол клубтарындағы спортшылар екен. Иран әйелдерінің мұндай мүмкіндікке қол жеткізуіне ФИФА тікелей әсер еткен. Осы үшін Иран билігімен бірнеше жыл келіссөз жүргізіп, ақыры арулардың футбол көруіне рұқсат етілді.

Ит ұрлап, ұятқа қалды



Қырғыз елінде жергілікті сот ит ұрлаған адамға үш жылға шартты түрде жаза кесіп, 35 мың сом көлемінде айыппұл салды.

Centralasian.org. хабарлағандай, Құрхуаар тұқымды Спайсик атты ит Бішкекте быыл жазда жоғалыпты. Кейін бейнебақылау камерасы арқылы иттің ұрланғаны қалай қолды болғаны анықталған. Сот барысында айыпталушы «итті қожайынына қайтарып берейін деп едім» ақталған. Итті ауылына алып кетіп, шынжырға байлап ұстаған. Бірнеше күн өткен соң, ит өліп қалған. Соттың әділ шешім шығарғанына қуанған иттің қожайыны Гүля Алмамбетова «Бұл – үлгі боларлық жағдай. Мен соттың әділдігіне таңғалдым», – депті.

Сотталушы Қылмыстық кодекстің «Ұрлық» бабы бойынша айыпталған. Сот үкімі күшіне енген күннен бастап, сотталушы Бішкектен тыс аймаққа шыға алмайды.

Қызылша құтырды



Украинаның Львов облысында бір апта ішінде қызылша ауруын жұқтырудың 489 дерегі тіркелді. Бұл туралы 24.kz Украинаның бас эпидемиологы Наталья Тимкоға сілтеме жасай отырып хабарлады.

Тимконың айтуынша, қызылшамен ауырғандардың 373-і 17 жасқа дейінгі балалар. Осыған байланысты Львов облысындағы 4 мектепте сабақ тоқтатылған.

Жыл басынан бері Украинада 36 мың адам осы дертпен ауырған.



де, бәлкім, содан. Ол жағы бізге беймәлім. Бірақ қандай да бір затқа құмартып, соны сатып алмайынша тынбайтын құмарлықты дөп басқандай.

Алаяқтықпен айналысқан топ ұсталған соң, тамыз айында Нью-Йоркте тергеу басталды. Күдікке ілінгендердің бір бөлігіне іздеу жарияланды. «Новая газета» жазғандай, тұтқынның біреуі

Талап ТІЛЕГЕН



Бала кезімнен ұстаз болуды армандаған мен отызға келгенде журналистика саласына ауысам деп ойламаппын. Еңбек жолымды өткен ғасырдың 90-жылдары туған жерім Ақтоғай ауданының Жаңабет ауылында қарапайым жұмысшы болып бастадым. Кейіннен жоғары оқу орнына сырттай оқуға түсіп, Қ.Нығманұлы атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет істедім. Жастық жалынның өсерімен арагідік әр нәрсенің басын құрап, елдегі жаңалықтарды газетке жіберіп тұратынмын. Біраз өлеңдерім де осы басылымда жарық көрді.

2001 жылдың маусым айы еді. Облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің Бас редакторы Мұхит Омаровтың қолы қойылған хат алдым. Мүмкіндігіме қарай редакцияға келіп кетуімді сұрапты. Қарапайым ауыл мұғалімі үшін мұндай шақырудың қандай әсер беретінін өзіңз ойлай беріңіз. Дерев жолға жиналдым. Ұзын дәлізбен тура жүріп Бас редактордың бөлмесіне кірдім. Жүрекісіңіп тұрғанымды да жасыра алмаспын, бірақ оны өзгеге сездірмеуге тырыстым.

Талғамы күшті оқырман жақсы біледі, өңірлік басылымдар ішінде алғашқылардың бірі болып «Сарыарқа самалы» газеті заманауи менеджментті игере бастады. Бұрын-соңды болмаған казак газеттерінде жарнама беру, сол арқылы нарықтағы бәсекелестікке қабілетті болуды бастама етіп көтерді. Бастапқыда мұндай өзгерістерге еті үйрене алмай жүргендердің үрке қарағаны да шындық. Алайда білікті басшы іс жүзінде бұл шешімнің дұрыстығын дәлелдеді. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ол басылымға жана леп

ТАЛАНТТАРДЫ ТАНИТЫН АЗАМАТ

Өйткені, бұл менің қабылдау бөлмесіне бірінші рет бас сұққаным еді. Телефон тұтқасын қоя сала орнынан көтеріліп амандасқан редакторды көргенде бағанағы «батырлығым» қайда кеткенін өзім де сезбей қалыппын. — Танысканымызға өте қуаныштымын, Жұмабек бауырым. Қажымұрат Смағұлов аған мақтауынды жеткізіп бергеннен кейін жеке шақырып, жақын таныссам деп едім. Тырнақалды еңбектерің жаман емес көрінеді. Өз басым жастардың шығармашылықпен айналысқанын құптаймын. Иә, әңгіменді айта отыр, — деді ол кісі.

Аз-кем әңгімелескеннен кейін Мұқан менің аталарымды, ағаларымды жақсы білетіндігін айтты. Ол кезде ұққан жоқпын, өрине. Кейіннен ойлап отырсам, бұл да Мұхит Мүрсәлиұлының бойындағы адамды өзіне баурап алатын қасиеті екен. Бұрын-соңды таныс емес адамның мұндай сөзінен кейін өн бойым жібіп кете барды. Емін-еркін отырып, ұзақ сөйлестік. Сондағы ұққаным — өнерден таласы бар жастардың болашағына бағыт беріп, атадан қалған «бұлақ көрсен, көзін аш» ұстанымын жалғастырмақ ниеті бар екен. Ағаның саулығын тілеп орнымнан тұруға ниеттенген тұста мен үшін күтпеген ұсыныс айтты.

— Жазғы демалыс уақытында осындағы алдыңғы толқын журналист ағалардың қасында болып, шығармашылығыңды шындай түссен қайтеді. Бүгін болмаса ертен бір кәдене жарар, — дегенде не айтарымды білмей, мен «қабырғаммен» кенесіп келсем қайтеді деппін. — Міндетті түрде. Ойлан, ұсыныс көңіліңнен шығып жатса, есігіміз қашанда ашық, — деп одан сайын «есімнен тандырып» жіберді.

Облыс орталығынан онша шалғай болмаса да туған ауылыма жеткенше уақыт құрғыр өтпей қойды. Үйдегі анама осындай ұсыныс алғанымды айтуға асықпын. Қанша жерден тағатсызданып тұрсам да, шынымды айтайын, қалаға ауысу туралы ешқандай ой жоқ менде. Оның үстіне, ата-баба дәстүрімен отбасындағы сүт кенже қарт анасынан асып қайда барсын?! Ал анамның ауылдан қозғалмасын анық білемін. Алайда жүрегім мұндай жағымды жаңалықты жеткізуге асығып-ақ тұр.

Араға біраз уақыт салып үлкен шаңыраққа аға-апаларым түгел жиналды. Мұндайда үйдің іші думанға толып кетпей ме. Дастархан басында анам менің мәселемнің нүктесін қойғандай болды. Тәубесін айта отыра, ажол тілегендей болды маған. Ендігі жерде оны тастап ешқайда кетпейтінімді айтып мен қарсылық білдірдім. «Жоқ, балам. Шүкір Аллаға, кешегі күні өкеннен жастай қалғанда бір сендерді жеткізсем деп Жаратушыма жалбарынған едім. Міне, бүгін сол тілегім қабыл болып отыр. Бар, көр, үйрен, ағалық камқорлығы шығар, тектінің тілін алсаң, жаман болмассың», — деді анам.

...Не керек, 2001 жылдың шілде айынан бастап облыстық газеттің экономика бөліміне тілшілікке қабылдандым. Тіпті болмаса, жана оқу жылы басталған тұста елге қайтып кетермін деген ой да болды. Иісі мұрныма жармайтын салада қиындық кездесетіні түсінікті де. Қазіргі кезде ұсақ-түйек боп көрінетін кейбір детальдарға дейін білмегендіктен, тісқакқан ағалардан сұрап алатынымын.

Тіпті жасы менен кіші болса да редакцияға бұрын келген Айбек Қобдабайдан біраз дүниелерді үйрендім. Табиғаты жаратқан талабы ма, кім білсін, әйтеуір үнемі ізденіп жүретін. Қимылының папшандығы мен материалды беру стилі маған сабақ бала алды десем артық айтқандық емес. Осындай жандардың жанында жүріп мен де ысыла бастадым.

Араға үш жылдан сәл астам уақыт салып, мен республикалық «Айқын» қоғамдық-саяси газетінің Павлодар облысындағы тілшісі болып орналастым. Мұнда да Мұхит Мүрсәлиұлы жастардың шығармашылық шабытын шындап, олардың бір орында қалып қоймай, алға ұмтылғандығын қалайтынын көрсетті.

Мұхит аға газет тізгінін қолға алған күннен бастап заман талабына сай жанашылықтар әкелуге бет бұрды.

алдында тұрып, бір-екі шүріппені басып, өзіне қажетті ақшасын алып жатыр. «Бұл не деген батпан құйрық» деп кезекке мен де тұрдым.

Алдымдағы жас жігіт — шамасы студент. Алдымен қарызын өтеді де, сол сөтте-ақ терминалдан тағы да қаржы алды. Кезегім келіп, терминалға жақындадым, алдымен телефон нөмірінді тересін, сол кезде құпия сан телефонға хабарлама арқылы келуі керек. Егер құпия сан келмесе операцияны ары қарай жалғастыра алмайсың. Телефон нөмірімді теріп хабарлама күтіп тұрмын. Бір уақытта «Кешіріңіз, сіз операцияны жалғастыра алмайсыз, себебі айтылмайды» деген хабарлама келді. Кезек күтіп тұрған жігіттің бірі: «Анай, кредиттік тарихыңыз дұрыс



болмаса, автомат ақша бермейді», — деді.

Сонда ғана әлі төлемі бітпеген, қажетті соманы ай сайын төлесек те, ақшасы күн сайын өсетін несиемнің бары есіме түсті. «Төленбеген несие» демекші, жақында бұрын қызметтес болған құрбым хабарласты. «Өтінем, көмектес, әйтпесе сотталамын», — деді даусы дірілдеп.

— Сотталғаны несі, дұрыстап айтшы, — деймін мәң-жайды түсінбей. — Маған, ақша керек. — Қанша? — 150 мың тенге. — «150 мың тенге үшін соттай ма екен, сонда миллиондап қарызы барлар қайтеді», — деп қоямын.

—Рас айтам, соттан ескерту қағаз келді, қазір ақша іздеп жатырмын, болмаса сот орындаушысының нөмірін берейін түсіндіріп айтшы, тағы да 2-3 күн сұрап берші өтінем, — деді ол.

Көмектескім келіп, сот орындаушысына қонырау

шалдым. Өзімді таныстырып құрбымның аты-жөнін айтып, 2-3 күн тағы уақыт беруін айтқаным сол еді: «телефонның ар жағындағы дауыс біз негізі үшінші адаммен сөйлеспейміз, ақыры хабарласқан екенсіз құрбыңызға айтыңыз, 4 айдан бері бізден қашып жүр. Телефонына хабарлассак сөйлеспейді. Осыдан 4 ай бұрын 20 мың тенге алған, сол сома қазір 150 мың тенгеге дейін өсіп кетті. Бүгін төлесін, әйтпесе сот алдында жауап береді», — деді ашуға булығып.

Қайта құрбыма хабарласып бүгін төлмесем, ашуы жаман екенін жеткіздім.

«Уайымдама, туыстарымнан таптым ақша, қазір барып бәрін төледім. Осымен жабылды, енді жылдам ақшаға жоламасып», — деді.

Осы оқиғадан кейін Алматыда жылдам ақша беретін орындардың біразын аралап көрдім. Әсіресе «Көк базар» манында көп екен. Атаулары да бір-бірінен асып тұр. «Деньги лет», «Қарыз заем», «Жылдам ақша», «Ақшамат» «Айлыққа дейін» секілді шағын

несие беретін орталықтар көп.

Сонымен «Деньги лет» аталатын орталыққа келіп, менеджер қызға құжатымды бердім. Маған жылдам ақшаның берілмейтінін біліп тұрсам да, олардың қызмет көрсету барысын білу қызық

Әсел МЫРЗАХАНОВА,
мұғалім:

Өз басым жылдам ақша туралы естігеніммен, қызметіне жүгініп көрмеппін. Жақында бір туысымызға ақша қажет болып, олар маған сөнің жұмысың бар, саған береді ақшасын, өзім қайтарып беремін деп болмағасын қажетті сомасын алып бердім. Туысым дер кезінде төлемін жасап, қарызды уақытында жаптық. Менеджер қыз қарызды уақытында төлесек, келесі жолы қалаған соманы жылдам алады екенбіз. Менің ойымша, жылдам ақшаға қызықпаған жөн.

көріңді.

Алдымен жұмыс орнымды, айлығымды сұрады. Содан кейін таныс адамдардан 3 адамның телефон нөмірін жазып алды. Өтінімді рәсімдеген менеджер 10-15 минут арасында жауабы телефонға хабарлама түрінде келетінін айтты. Аз уақыттан кейін телефоныма «По заявкам вам, отказ» деген хабарлама келді. Шықпағаны маған да дұрыс. Себебі мақсатым — олардың ережелерімен танысуым. Егер де сіз 20 мың тенге алатын болсаныз, 20 күннің ішінде 28 мың тенге қайтарасыз. Яғни әр күнге 400 тенге қосылады. Егер уақытында төлемесеніз, оның үстіне қосылатын айыппұлы тағы бар. Тіпті дер кезінде

Алтынай ШАПХАТОВА,
зейнеткер:

Мен «Қарыз заем» деп аталатын шағын несие орталығының 3 жылдан бері тұрақты қолданушысымын. Шыны керек — зейнеткерлерге өте қолайлы. Қомақты қаржы алмасам да, зейнетақы мерзіміне дейін кішігірім ақша қажет болып қалса аламын. Әрі уақытында жауап отырамын. Мен үшін өте тиімді.

Осы уақытқа дейін қаншама рет тығырықтан шығарды. Менің жасымда туған-туыс, бала-шағадан ақша сұрау — ұят.

Мақсат ХАЛЫҚ,
ЭКОНОМИСТ:

Шағын несие ұйымдары берген ақшаларының үстіне күніне – 2%, жылына – 700%

қосады. Халықты теспей сорауды доғару үшін өсімпұлды азайту керек. Осыдан біраз уақыт бұрын депутаттар онлайн-несие нарығын реттейтін заң жобасын талқылады. Халық қалаулылары сыйақының жылдық мөлшерлемесін 100% көлемінде шектеу және несие бойынша артық төлемнің ең жоғарғы мөлшерін 100%-дан асырмау мәселесін қарастырды. Бұл – орташа үстеме. Ал кейбір сервистер күніне 2,5%-дан ұстайды, оны бір жылға шақсаңыз, 900%-дан асып кетеді. Бұл ақылға сыймайтын көрсеткіш. Нарықтың дәл осы саласын шұғыл түрде заңмен реттеу қажет.

Өзімнің

жасым


лайық

жұмысым да бар.

Сондықтан жылдам ақшаны алсам,

дер кезінде қайтарамын. Мен үшін өте қолайлы қызмет түрі.

Мақпал НОҒАЙБАЙ



Тағылым

Жетісу жұрты «Тақиялы періште» фильмінде Тайлақты сомдаған Әлімғазы Райымбекпен әрдайым мақтандады. Кезінде тақиясымен де тамсандырған актердің, бүгінде зейнет жасындағы қарияның қатысуынсыз ешқандай шара өтпейді. Атамыз бой көрсетпесе, жиналыстың мәні, кездесудің сөні, өңгіменің нәрі кірмейді.

Күні кеше Талдықорған төрінде Әлімғазы атамыз бен Гүлжауар апамыздың гауһар тойы өтіп, ғибратты ғұмырлары қызықты әңгімеге арқауына айналды. Өмірдің тауқыметі мен тарғалаңын, қуанышы мен қайғысын көрген қос қарияның ұлағатты ғұмыры кімге де болса үлгі. Жастардың жарасымдылықты ту еткен осындай қарияларға еліктеп өскенін қалаймыз.

Қазір де қария қуаты кетіп, таякка сүйеніп тұрған жоқ. Алып денелі Әлімғазы ата аяңдап келе жатқанда тау тұлғасына қарап тандай қағып тұрып қалатынымыз рас. Жарықтық Шәкен ата (*Айманов*) болмағанда, Әлекеңнің аңызға айналмауы да мүмкін бе еді. Өйткені, Әлімғазы ата түскен он төрт фильмінің арасынан уақыттан қалмай, экраннан түспей, жана ғасырдың босағасынан аттап, әлі де көрсетіліп келе жатқаны әйгілі — «Тақиялы періште».

Әлекең әлі күнге «Тақиялы періште» атымен танымал. Бірақ ол кісінің киноға қалай келгенін жастардың бәрі біле бермейтіні анық. 1965 жылы Талдықорғандағы «Қайрат» спорт қоғамы ауыл шаруашылығы саласынан спортқа қабілеті бар еңбеккерлерден топ құрып, Алматыдағы Орталық стадионда қазақша күрестен өтетін жарысқа апарады. Сол жарыста топ жарған бірқатар азаматтан бір команда іріктеліп, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Темірлан ауылында өткен Қажымұқан атындағы жүлде үшін күреске жол тартады. Он алты облыстан бак сынаған жарыста 25 жастағы Әлімғазы Райымбек ауыр салмақта республика чемпионы атанады. Осы сапар жолын ашып, түсірілім жұмысы қолға алынған «Ән канатында» фильмдегі Қажымұқанның рөлін сомдауға шақыртылады.

Жас жігітті режиссердің ассистенті болып жүрген әйел Қажымұқанның өзі келгендей антарылып тұрып: «Азик, Азик вот Кажымукан пришел», — деп айғай салады. Әзірбайжан Мәмбетовпен осылай танысқан. Әсілі, Әлімғазы ата баянды да бақытты ғұмыр кешіп келе жатқан жанның бірі. Үш ұйықтаса түсіне кірмеген, өзіне соншалық беймәлім кино саласына келуі қазақ өнерінің тарихына есімін өшпестей етіп қалдырды. Алғашқы режиссері Әзірбайжан Мәмбетов, аңызға айналған «Тақиялы періште» фильмінің режиссері Шәкен Айманов, театр мен кино өнерінің қайталанбас тұлғалары Әмина Өмірзакова, Бикен Римова, Әнуар Молдабеков, Есболған Жайсанбаев, ортамызда жүрген Асанәлі Әшімов сынды көптеген дара тұлғалармен біраз дәуренді өткерді. Әлімғазы атаның кино әлеміне ат ізін салғалы да жарты ғасырдан асыпты. Ол күндердің бәрі жалғанның жабылған беттерімен өткен ғасырдың қойнауына сіңді де кетті.

Шәкен Аймановтың 80 жылдық мерейтойында белгілі әртіс Ыдырыс Ноғайбаев «Тақиян қайда? Неге кимейсің?» деген соң, қалтасынан тақиясын ала бергенде Жи және Ким дейтін екі суретші әйел тақияға қызығып: «Біз мұны мұражайға өткіземіз, бізге беріңізші!» деп сұрап алыпты. Сонымен, Тайлақтың шын

тақиясы қазір қайда екенін белгісіз. Десе де, «Тақиялы періште» аты әлі күнге өзімен бірге бел-белесті асып келеді. Ең бастысы, өмір бойы өзінің батыл ұстанымынан, қазақы қалыпқа дөп келетін адамгершілігінен, адалдығы мен анқаулығынан, босқа желігіп мәртебе қумайтын жайсаңдығынан, көрінгенге бір құмартып, күн өткізбейтін тұрақтылығынан, айта берсек, жалғаса беретін адами, азаматтық қасиеттен

— Әскерден келген бетім еді. Әкемнің ақылымен ауылда көлік жүргізушісі болып жұмысқа кірдім. Сол жылы Бөрлітөбеден Қасымжомарт дейтін учаскелік милиция ауылға көшіп келді. Сол кісінің жүктерін Үйгентас өңірінен көшіріп әкелуге жолға шығып, Жыланды ауылына келдік. Дастархан басында Нұржамал, Роза дейтін екі келіншек менің жай-жапсарымды сұрап, біраз тергеуге алды. Басым бос екенін білгеннен кейін бір қызбен таныстыруға бекінді. Сонымен көрші ауылға келдік. Сол күні үй иесі мал сойып, қонақ етті. Қызбен танысып, әке-шешесінің де рұқсатын алып үлгердім. Қасымжомартты көшірісемін деп, өзім үйленетін болып қайттым. Келе салып, әкеме үйленетіндігімді айтып, дайындыққа кірістік. Әкем жалғыз сиырын сатып, үш қой алды. Сөйтіп, мына апаларынды алып қайттық, — деді қуанышын жасыра алмай.

Атамыздың Алматыда «Долана» фильміне түсіп жатқан кезі. Содан атамыз сол аумақтан бір түріктің үйін сатып алмақ болады. Ақыры ауылға барып, келіншегінен ертіп келіп, жанағы үйде үш күн тұрады. Төртінші күні апамыз «Жоқ, мен мұнда тұра алмаймын» деп кетіп қалған көрінеді. Үй тірлігіне еті үйренген жанның қала өміріне бейімделе алмасы анық. Атамыздың жүрегін баурап алған, сол пысықтығы мен қарапайымдылығы болса керек. Осылайша қос ардагердің отбасы ауылды тұрақтап қалды. Бірақ Әлімғазы атамыздың кино саласындағы сапары ары қарай жалғасты. Әлімғазы ата 14 фильмге түсті.

Алматыда жүретін азаматын күтуден шаршамаған Гүлжауар апамыз бар өмірін отбасына арнады. Жұмыс жасай жүріп, 10 баласының тәрбиесін көзінен таса етпеді.

Қиындықты бастан өткерсе де жасымаған, балаларына жоғары білім беріп, ұлын — ұяға, қызын — қияға қондырған ардақты ана. Бүгінде немере-жиендерінің, шөберелерінің арасында бақытты күн кешіп отыр. Гүлжауар апамыз бүгінгі келіндерге үлгі-өнеге болатын ана. Аты айтып тұрғандай, шыдамды, көңіл көкжиегі кең, түсінігі терең адамдарға ғана бақытты тұрмыстың, бағалы тіршіліктің гүлі жауатынын той барысында көрдік. Жиналған қауым гауһар той иелеріне бақытты өмір тіледі. Шын мәнінде, қос қария да қазақ жастары үшін өнеге болар отбасы.

Қажет АНДАС,
Талдықорған

Тақиялы періште:



тақиясы табылмай тұр

ауытқыған

жөк. Сол ұлы қасиеттерімен де бүгінде елдің құрметіне, жұрттың сыйына бөленіп келеді.

Сабырлы, байсалды қалпында әңгіме өрбітуден жалықпайды. Атамыз өзі кино соңында жүрсе, бала күтіп үйде отыратын аяулы апамызбен қалай танысқанын әңгімелеуден де шаршаған емес.

Телеайтыс

MARSEL

Қырық ру қазақ,
Тәуелсіз ел болған азат,

Біреу үшін өмір,
сенде, бәлкім, бәрі ғажап.

Көзім көрген айтсам, ащы шындықты,
Табылар ма сенде маған жауап.

Қараларды қаралаған заман болған,

Ұмыттық ба, құл, құлдықтан болдық бодан.

Қаниа жерден қамаса да құдалап,

Дінді, тектілікті жоғалтпадық біздер содан.

Азаттыққа жеттіңдер, ардан, бірақ өттіңдер,

Өз балаңды сауалап, далаға тастап кеттіңдер.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП:

Қайдан ғана кез болдың қара бала,

Сен айттың бір шындықты даралана.

Біреулер жәір зар болып бір сәбиге,

Көңілі мұңға толы жәірек жара.

Пенделер-ай, жәрегі тасқа айналған,

Оны ойласам, жанарға жас байланған.

Бала деген халықтың болашағы,

Әй,
түш!

КТК арнасындағы телеайтыс.

Африкалық

суырыпсалма ақын

Marsel мен айтыскер

Асқарбек Қазанғап

тастанды балалар

тағдырын сөз

етті.

Болашақты қоқысқа тастай ма, адам.

Көп еді тас жүректер тас қаланың,

Не сұмдық сен баланы тастағаның.

Аңның өзі қатерге кез келгенде,

Білесің бе, жалғыз өзі қашпағаның.

MARSEL

Құс та болғым келмейді, қанатым бар,

Қанатым бар құмідтен жаратылған.

Сәби болғым келмейді-ау, сәби болғым,

Туа салып қоқысқа лақтырылған.

Сәби болғым келмейді-ау, сәби болғым.

Біреуге бар, біреуге табылмаған.

Сен айтқан аналарды қалай ақтарсың?

Сөзбенен ғана шүтіліпін даттарсың,

Ана емес, айуанның күйін кешсең,

Айтшы сен оларды қалай ақтарсың?

Асқарбек ҚАЗАНҒАП:

Тұрмыстың тауқыметі қинады ма,

Бір балаң бауырыңа сыймады ма?

Сәбиің саудалаған аналар-ай,

Барыңды құр бақырға қиғаның ба?

Жас ана ойламадың терең әлі,

Ұрпағын сатса, ел

қалай оңалады,

Бақырың бес-ақ

күнде таусылады,

Ал баланың

тағдыры не болады?

MARSEL

Көкек ананы көбейткен, көкек әке оңар ма?

Шыңғыс ханның заңымен жазаласақ болар ма?

Асқарбек ҚАЗАНҒАП:

Зарымды естісіңші, қалың қазақ,

Болмайық ішке — құлкі,

сыртқа — мазақ,

Таяқпен тас бауырды

жібітпессің,

Ақылға бар ма, ана құлақ

салмақ?

Айтамыз ба тектіміз деп сонда бөсіп,

Бөбектер қалып жатса,

босқа өксіп.

Әр қазақ бар қазақты

жалғызың көр,

Басқа түскен баспақшылға

бірге төзіп.

«Аптап»




БҮГІНГІ САТИРА

Тапшанда отырғанмын. Бір тепті. Ынқ ете қалдым. Тепкен — маған жұмыс беруші миллионердің төрт жасар баласы. Кішкентай аяғының күші әлсіз болса да, тістеніп отыра бердім. Ұялы телефонын құлағына жабыстырып, аулаққа кеткен әкесі жаққа жалтақтай қарадым.

Бір кезде тағы тепті. Ыржақтап, тілін шығарды. Басына сәлеп қалғым келіп, «қой, құрысын, жұмысқа алмай жүрер...» деп, ол ойымнан тез қайттым. Қиялдап отырмын. Шіркін-ай, миллионердің үйін күзетуші болып жұмысқа алынсам... Аш отырған балаларым мәз болып, әйелім құлпырып шыға келер еді...

Енді келсең, көрсетем!

Бір кезде тағы тепті. Көзін қысып, сықылдақтай күлді. Жұдырығымды түйдім. Бүйрім кәдімгідей ауырып қалды. Өзіне қарасам, толып кеткен, ал біздің бала солып кеткен. Мына баланың беті табактай, біздің баланың беті жұқа қалақтай... Мұрны аспанға қарап, тесігі үңірейген, біздікінің көздері шүңірейген... Әне, ол аяғымен тағы тепті. Бұл жолы сирағынан шап беріп ұстай алдым. Осы кезде әкесі де келді. Мен оның аяғынан қысып: «Ашалау, ашалау!» деп жатырмын. Әкесінің жауабын күтіп отырмын. Жұмысқа алады, я алмайды... Хабарландыру бойынша келіп отырмын ғой үйіне...



— Адик, көкеннің кіндігін шұқылай ғой, мә, сіріңкенің ши... Баласы көйлегімнің етегін түріп жіберіп, өмірінде кіндік көрмегендей кеңкілей күліп келді де, шұқылай бастады. Әуелі қытығым келіп, соңынан ауырсына бастадым. Мына баланы маған салса... Бетіне шапалақпен сәлеп-сәлеп жіберер едім! Осындай еркетотайлар ғой, кейін өскенде әкесі әперген қымбат көлікпен жаяу жүргіншілерді басып өлтіріп, шетелге қашып кететін!

— Әке, тағы қай жерін шұқыын? — деп сұрады баласы. Зәрем қалмады. Құдайым-ай, тағы қай

жерімді шұқымақшы мына сайтан? Казактар осы, бірі-бірі шұқылап... — Құлағынан шұқы... — Кешіріңіз, мен... — Баланың қылығына қымсынбаңыз. Біз үйде оның бар айтқандарын орындаймыз. «Жұлдыз әпер!» деп еді өткенде, соны ғана әпере алмай жүрміз.


Баласы құлағымды саусағымен шұқылап сықылдақтай, әкесі ықылықтай күлді. Мен мазакқа айналдым. Әне, ақшасы барлар сөйтеді... Ақшаның буы! Менде бу да, ішіп өле салатын у да жоқ... Бір кезе баласы тағы тепті. Бүйрімнен. Орнымнан тұрдым да, үнсіз есікке қарай беттедім.

— Қорқақ көке! — деп айқайлады баласы.

— Кошеге шыға беріп: — О, не көкем? — деп сұрадым.

— Енді келсең, көрсетем!

Мұхтар ШЕРІМ



бөлінеді. «Аттылы түлкішектер» белдіктерінің артына орамал немесе түлкі құйрығын іліп алады. «Аңшылардың» тапсырмасы, «түлкішектің» белдіктерінің артындағы орамал құйрықтарды атпен келіп жұлып алулары керек.

Егер бөлінген уақытта «аңшылар» «белгіленген құйрықтарды» неғұрлым көп жұлып алса, «аңшылар» жеңіске жетеді. Жеңіс жұлып алынған «құйрықтар» санына байланысты анықталады. Әр 5 минут сайын топтар орындарын ауыстырып отырады.

(Педагогика ғылымдарының докторы Елемес Әлімхановтың «Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спорттың теориялық және педагогикалық негіздері кітабынан алынды)

ҚЫЗЫА ҚИТАН

САҚАЛТАЙ — жыртқыш құстар тобының қаршыға тәрізділер тұқымдасына жататын ірі құс. Ол Жетісу, Жоңғар Алатауы мен Тянь-Шань тауы және Алтай маңында кездеседі. Басқа жыртқыштардан ерекшелігі — тұмсығының екі жағында танау тесіктерін жауып тұратын қыл төрізді қауырсын — «сақалының» болуы.

Сақалтай — отырықшы құс, ұясын қуыстарға, үңгірлерге салады.

ЖҰРТШЫ — қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Қазақстанда Тянь-Шань тауының сілемдерін, Үстірт пен Маңғыстаудың құлама жарларын мекендейді.

Денесінің ұзындығы — 58-66 см, қанатының ұзындығы — 1,6-1,7 метр (жайғанда), салмағы — 2,1-2,4 келі. Балапандарының түсі — қоңырқай. Үнсіз, қалықтап ұшады. Жыл құсы. Сәуірде келіп, құз, жыраларға ұялайды.

(Қазақ энциклопедиясы)



БАСПАСӨЗ – 2019

JAS QAZAQ

jasqazaq.kz

Жазылу индексі 65032

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2138; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 45 000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар. Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	--	--	--